



**«ҚазТрансГаз» АҚ
Жалғыз акционерінің
(«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы)
шешіміне қосымша
2019 жылғы «___» _____ № __ хаттама**

**«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы
атқарылған жұмысы туралы жылдық есебі**

**Нұр-Сұлтан қ.
2019 жыл**

1. «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесі (ҚТГ немесе Қоғам) бес адам құрамында Жалғыз акционердің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (ҚМГ) Директорлар кеңесі отырысының 2008 жылғы 08 тамыздағы №9/2008 хаттамасымен) құрылған.

Жалғыз акционердің шешімімен (ҚМГ Директорлар кеңесі отырысының 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 1/2017 хаттамасы) Директорлар кеңесінің құрамы үш жылға қайтадан сайланды.

2018 жылғы 1 қаңтардағы Директорлар кеңесінің құрамы:

- Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы – (Жалғыз акционердің өкілі)
- Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі (Жалғыз акционердің өкілі)
- Сулейманов Рустам Эдуардұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі – «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы)
- Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – тәуелсіз директор
- Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – тәуелсіз директор

2018 жылы директорлар құрамы өзгерген жоқ.

- Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәлімет

Т.А.Ә.	Туған жылы	Хронологиялық тәртіпте, оның ішінде – қоса атқару бойынша соңғы үш жылдағы және қазіргі уақытта алатын лауазымы
Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы	1963	2015 ж. желтоқсан айынан бастап қазіргі уақытқа дейін ҚТГ Директорлар кеңесінің төрағасы – Жалғыз акционердің өкілі. 2016 ж. тамыздан бастап 2018 ж. дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі атқарушы вице-президенті. 2018 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары.
Сулейманов Рустам Эдуардұлы	1973	2015 ж. желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «ҚазТрансГаз» АҚ Бас директоры (Басқарма төрағасы)
Мұқышов Ардақ Жұмағұлұлы	1978	2014 ж. тамыздан бастап 2017 ж. қаңтарға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның Халықаралық келісімшарттар департаментінің директоры. 2017 ж. қаңтардан бастап 2018 ж. желтоқсанға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры. 2018 ж. желтоқсаннан бастап қазіргі уақытқа дейін «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ-ның Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры
Нұрғазиев Айрат Айттанұлы	1958	2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Кибер100» Зияткерлік спорт клубы» ҚБ Президенті
Жаманбалин Серік Жәрдемұлы	1983	2004ж. бастап қазіргі уақытқа дейін «Advisers» Olymrex» ЖШС Салық және сот практикасы департаментінің заңгері/аға заңгері/топ директоры /директоры

- Тәуелсіз директорларды және ҚТГ Бас директорын (Басқарма төрағасын) қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші ретінде Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылған (ұсынымдалған) тұлғалар арасынан сайланған.

Директорлар кеңесінің мүшесі болып ҚТГ-ның акционері болып табылмайтын және Жалғыз акционердің өкілі ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға (тағайындауға) ұсынылмаған (ұсынымдалмаған) жеке тұла сайлана алады. Осындай тұлғалар саны Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының елу пайызынан аспайды.

Бұл ретте Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына мынадай тұлға сайлана алмайды:

- заңмен белгіленген тәртіпте соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын кезеңде басқа заңды тұлғаның бұрын Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшы (Басқарма төрағасы), басшы орынбасары, бас бухгалтері болған тұлғалар. Көрсетілген талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияларын мәжбүрлеп сатып алу немесе заңнамада белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдаған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

Бас директордан (Басқарма Төрағасынан) басқа, Қоғам Басқармасының мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне сайланбайды (тағайындалмайды). Қоғамның Бас директоры (Басқарма төрағасы) Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы болып сайланбаған (тағайындалмаған).

Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелерінің саны бес адамды құрайды, олардың екеуі (Директорлар кеңесі құрамының кемінде отыз пайызы) тәуелсіз директорлар болып табылады.

- Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы Жалғыз акционердің шешімінде Директорлар кеңесінің сайланған (тағайындалған) мүшелерінің ішінен тәуелсіз директорлар А. А. Нұрғазиев, С. Ж. Жаманбалин болып табылады.

Тәуелсіз директорлар А. А. Нұрғазиев пен С. Ж. Жаманбалиннің Жалғыз акционер мен Қоғамның мүддесінде Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру және өз міндеттерін орындау үшін қажетті іскерлік және салалық ортада тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, оң жетістіктері мен мінсіз беделі бар.

- Заңнамаға және Қоғамның Жарғысына сәйкес:
 - Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның жаңа Директорлар кеңесін сайлау (тағайындау) туралы шешім қабылдаған кезде аяқталады;

- Директорлар кеңесінің құрамына қатарынан 6 жылдан астам мерзімге сайланудың кез-келген мерзімі Директорлар кеңесінің құрамын сапалы жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарауға жатады. Тәуелсіз директор Директорлар кеңесіне қатарынан тоғыз жылдан артық сайлана алмайды. Ерекше жағдайларда тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі, Директорлар кеңесіне тәуелсіз директорды сайлау Директорлар кеңесінің осы мүшесін сайлау қажеттілігін және осы фактордың шешімдер қабылдау тәуелсіздігіне әсерін егжей-тегжейлі түсіндіре отырып жыл сайын жүргізілуге тиіс;

- Қоғамның Жалғыз акционері Қоғамның Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы;

- Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Қоғамның Директорлар кеңесін жазбаша хабардар ету негізінде жүзеге асырылады;

- Қоғамның Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі Қоғамның Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады;

- Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған және Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін Жалғыз акционер сайлаған (тағайындаған) жағдайда, оның өкілеттігі тұтас алғанда Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір мезгілде аяқталады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің төрағасы Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен сайланады (тағайындалады).

2. ҚТГ Директорлар кеңесінің отырыстары

- Қоғам Директорлар кеңесінің есептік кезеңі үшін 21 күндізгі отырыстар өткізілді. Қаралған мәселелердің жалпы саны 94-ті құрады.
- Директорлар кеңесі отырыстарына Директорлар кеңесі мүшелерінің қатысуы:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қатысу саны	Қатысу пайызы	Ескерту
Шаріпбаев Қ. Қ.	Директорлар кеңесінің төрағасы	21-ден 21	100 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің Төрағасына ЖА 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен сайланған.
Сулейманов Р.Ә.	Директорлар кеңесінің мүшесі	21-ден 21	100 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесіне ЖА 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен сайланған.
Мұқышов А.Ж.	Директорлар кеңесінің мүшесі	21-ден 18	96 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесіне ЖА 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен сайланған.
Нұрғазиев А.А.	Тәуелсіз директор	21-ден 21	100 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесіне ЖА 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен сайланған..
Жаманбалин С.Ж.	Тәуелсіз директор	21-ден 21	100 %	ҚТГ Директорлар кеңесінің мүшесіне ЖА 2017 жылғы 26 қаңтардағы № 1/2017 шешімімен сайланған.

- Қоғам Басқармасы Органы қарастырған 94 мәселенің 38-і ҚТГ қызметіне қатысты болды, оның ішінде:

№ р/с	Директорлар кеңесі қараған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдердің саны
1	Жылдық қаржылық есептіліктерді және басқа да есептерді алдын ала бекіту	1
2	Кадрлық мәселелер	2
3	Бизнес-жоспарларды және оған түзетулерді бекіту	2

4	Құрылымды жаңа редакцияда бекіту	-
5	Басқа заңды тұлғалардың акцияларын (қатысу үлестерін) сатып алу (өткізу)	4
6	Бас директордың стратегиялық карталарының ҚКК және басшы және басқарушы қызметкерлердің уәждемелік корпоративтік және жеке ҚКК бекіту	3
7	ҚТГ ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту және оларға өзгерістер енгізу	2
8	Қаржылық мәселелер	1
9	Жасалуына мүдделілік бар мәмілелерді бекіту	10
10	Өзге де мәселелер	13

ЕТҰ қызметінің мәселелері бойынша 56 мәселе қарастырылды, оның ішінде:

№ р/с	Директорлар кеңесі қараған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдердің саны
1	Өндірістік мәселелер	13
2	Кадрлық мәселелер	14
3	Ішкі құжаттарды бекіту	11
4	Жарғылық капиталды ұлғайтуды туралы	5
5	ЖҚЕ және басқа да есептерді бекіту туралы	9
6	ЕТҰ қайта ұйымдастыру, оның ішінде тарату туралы	1
7	Акциялардың күшін жою туралы	-
8	Өзге де мәселелер	3

Барлық шешімдер толық көлемде және белгіленген мерзімдерде орындалды. Қоғамға, оның лауазымдық тұлғаларына қатысты Жалғыз акционердің өтініштері мен жекелеген пікірлері (оның ішінде әңгімелесу көмегімен, брифингтермен) түспеді.

2018 жылы Қоғам жалпы саны 1-ді құраған жалғыз акционер шешімі орындалды. Оның ішінде:

№ р/с	Жалғыз акционер қараған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдердің саны
1	«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес жыл сайын акционерлердің жапы жиналысында қаралған мәселелер (ЖҚЕ және басқа есептер)	4
2	Қоғамның Директорлар кеңесін сайлау туралы	-
3	Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу	-
4	Ірі мәмілелер жасасуды және оларға өзгерістерді келісу	-
5	Қоғам акцияларын орналастыру және сатып алу	-

3. ҚТГ Директорлар кеңесінің Комитеттері

2018 жылғы 1 қаңтардағы жай-күй бойынша ҚТГ Директорлар кеңесі Комитеттеріне мүше болып мыналар кірді (Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес (2017 жылғы 28 ақпандағы № 4 хаттама):

- ҚТГ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті:
 - Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – төраға;
 - Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – мүше;

- ҚТГ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті:
 - Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – төраға;
 - Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы – мүше;
 - Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – мүше.
- ҚТГ Директорлар кеңесінің Стратегия жөніндегі комитеті:
 - Жаманбалин Серік Жәрдемұлы – төраға;
 - Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы – мүше;
 - Нұрғазиев Айрат Айттанұлы – мүше.

2018 жылы комитеттер құрамдарында өзгерістер болған жоқ.

2019 жылы мынадай отырыстар өткізілді:

- ҚТГ Директорлар кеңесінің тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетімен - 10 отырыс өткізіліп, онда 21 мәселе қаралды;
- ҚТГ Директорлар кеңесінің стратегия жөніндегі комитетімен –14 отырыс өткізіліп, онда 40 мәселе қаралды;
- ҚТГ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитетімен – 15 отырыс өткізіліп, онда 33 мәселе қаралды.

Барлық қаралған мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне тиісті ұсынымдар берілді.

4. ҚТГ Басқармасы

2018 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ҚТГ Басқармасының құрамына Бас директорды, оның орынбасарларын, аппарат басшысын және Бас директордың кеңесшісін қоса алғанда, жоғары топтың басшылары кірді.

Басқарма мүшелері

Т.А.Ә.	Лауазымы	Кезең
Сулейманов Рустам Эдуардұлы	Бас директор (Басқарма төрағасы)	2015ж. 11.12-ден бастап
Құрманалиев Қанат Рахымбергеноұлы	Бас директордың бірінші орынбасары	2017 ж. 13.03-тен бастап
Жанұзақ Тайыр Жалғасбекұлы	Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары	2018ж. 06.12-ден бастап.
Темірханов Ерқанат Уақбайұлы	Бас директордың трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары	2015ж. 06.04-тен бастап
Брекешев Серікқали Аманғалиұлы	Бас директордың техникалық саясат жөніндегі орынбасары	2018ж. 29.01-ден бастап
Абдыгулова Найля Умирзаковна	Аппарат басшысы	2015ж. 12.06-дан бастап
Абдрасулов Нұрлан Қадырұлы	Бас директордың кеңесшісі	2015ж. 23.04-тен бастап

ҚТГ Басқармасының құрамына қатысты 2019 жылы қабылданған ҚТГ Директорлар кеңесінің шешімдері

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 06 ақпандағы шешімімен (№2 хаттама, 3-тармақ) 2018 жылғы 26 қаңтарда «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының мүшесі Нұржан Нұрланұлы Нұрлановтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын 2018 жылғы 26 қаңтардан бастап тоқтатылды, Басқарманың құрамына 2018 жылғы 06 желтоқсанныан бастап Серікқали Аманғалиұлы Брекешев «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін жалпы белгіленген өкілеттіктер мерзіміне сайланды (тағайындалды).

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 05 желтоқсандағы шешімімен (№19 хаттама, 2-тармақ) «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасының мүшесі Даир

Әділбекұлы Күшеровтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын 2018 жылғы 5 желтоқсаннан бастап тоқтатылды, Басқарманың құрамына Басқарманың құрамына 2018 жылғы 29 қаңтардан бастап Тайыр Жалғасбекұлы Жанұзақ «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы үшін жалпы белгіленген өкілеттіктер мерзіміне сайланды (тағайындалды).

ҚТГ Басқармасының отырыстары мен қабылданған корпоративтік шешімдері туралы жалпы мәліметтер

2018 жылдың 12 айында Қоғамның Басқармасымен:

өткізілген отырыс - **51**;

қаралған мәселелер – **166**, олардың:

Қоғам қызметіне қатысты мәселелер – **100**;

еншілес және тәуелді ұйымдар қызметіне қатысты мәселелер – **66**.

Қоғам Басқармасының қарауына ұсынылатын мәселелердің жалпы саны:

Қоғамның жалғыз акционерлері мен Директорлар кеңесінің айырықша құзыретіне жатқызылған алдын ала мақұлданған мәселелер – **96**;

Басқарманың құзыретіне жатқызылған мәселелер – **70**.

Оларды жасасуға қатысты негізгі талаптар белгіленген мәмілелер туралы мәліметтер:

Жасалуында мүделілік бар Қоғам Басқармасымен қаралған мәмілелердің жалпы саны – **37**.

олардың:

Алдын ала мақұлданған және Қоғамның Директорлар кеңесіне шығарылған мәмілелер – **13**.

«Самұрық-Қазына» АҚ тобына кіретін ұйымдар арасында мәмілелер жасасу қағидаларының аясында бекітілген оларды жасасуға қатысты «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен ерекше талаптар белгіленгендері – **24**.

Есепті кезеңдегі атқарушы орган ретінде Басқарманың негізгі міндеті ағымдағы қызметке басшылық жасау, ол «ҚазТрансГаз» АҚ Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде және «ҚазТрансГаз» АҚ Басқармасы туралы Ережеде бекітілген қағидаларға сәйкес жүзеге асырылуда.

Басқарма жанынан құрылған, Топтың тәуекелдерін корпоративтік басқару саласындағы шешімдерді қабылдаған кезде ҚТГ Басқармасына жәрдем көрсететін Тәуекелдер жөніндегі комитет, отырыста қарап, ҚТГ Басқармасының қарауы үшін 2018 жылдың 1,2,3 және 4 тоқсанының тәуекелдер жөніндегі есебін, оның ішінде ҚТГ тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын және өндірістік емес тәуекелдер тізілімін мақұлдады.


5. Қоғамның ұстанымын бағалау және 2018 жылдың қорытындысы бойынша оны дамыту перспективалары

Қазақстанда және әлемде газ саласы бүгінгі күні – мұнай мен көмірге қарағанда салыстырмалы түрде қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі. Оны қолдану бойынша кеңейтілген мүмкіндіктер энергияның баламалы көздерінің жиынтығында оны болашақтағы негізгі энергия көздерінің қатарына қояды.


BP¹ деректері бойынша табиғи газдың барланған қорлары бойынша Қазақстан (1,1 трлн. м3) әлемде 25 орынды алады (жалпы әлемдік қорлардың 0,6%) және газ қорлары бойынша ТМД елдері арасында Ресей және Түркіменстаннан кейін 3-орынды алады. Бекітіліген алынатын қорлар 4 трлн.м3 құрайды, оның ішінде ілеспе газ – 2,2 трлн.м3, игерілмеген газ – 1,8 трлн.м3.

¹ Дереккөздер: *British Petroleum Statistical Review of World Energy June 2018*

Елдер бойынша табиғи газдың дәлелденген қорларының көлемдері, трлн. м³



Кен орындары бойынша алынатын қорларды бөлу, %



Өзге, Имашевское, Жаңажол, Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз

Қазақстанда газ ресурстарының негізгі бөлігі ірі игерілетін немесе игеруге дайындалатын ірі кен орындарына шоғырландырылған, оның ішінде мұнайға– Теңіз, Қашаған, Королевское (Атырау облысы), газ конденсатты – Қарашығанақ (Батыс қазақстан облысы), Жаңажол, Өріктау (Ақтөбе облысы) және басқалары.

Қазіргі уақытта «Амангелді Газ» ЖШС 2000 жылғы 12 желтоқсандағы Көмірсутегі шикізатын бірлескен игеруге және барлауға Келісімшарт негізінде Жамбыл облысында газ кен орындарының Амангелді тобын игеруді жалғастыруда.

Табиғи газдың алынатын қорлары 01.01.2019ж. жай күй бойынша мыналарды құрайды: Амангелді кен орнында 8 425,8 млн. текеше м., Жарқұм кен орнында 367,1 млн. текеше м. және Айрақты кен орнында 5 189,3 млн. текеше м.

Бірақ, Қазақстан Республикасының нарығында «ҚазТрансГаз» АҚ-ның газ қорлары мен өндіру көлемдері бойынша позициясы әлсіз болып табылады және оның үлесі шамамен 1-2% құрайды.

Газбен жабдықтаудың бірыңғай жүйесінде (бұдан әрі - ГБЖ) 21 жер қойнауын пайдаланушы енгізілген. Осыған байланысты, «ҚазТрансГаз» АҚ Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сындарлы маңызды міндет ретінде ГБЖ-ға ілеспе мұнай газын өндіруші жер қойнауын пайдаланушыларды енгізуді дұрыс деп санайды.

Қазақстан Республикасының Газ секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының газ секторын кезең кезеңмен реформалаудың және кешенді дамытудың кіріспесі мен негізгі тәсілдерін айқындайды, газдың дәстүрлі ресурстарынан бөлек көмір қабаттарынан метанды барлау және өндіру бөлігінде Қазақстанда бар елеулі әлеуетті көздейді. Қазақстан Республикасының Энергетика министрі 2016 жылғы қыркүйекте бекіткен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың көмір қабаттарынан метанды барлау және өндіруді ұйымдастыру бойынша тапсырмасын іске асыру жөніндегі өзектендірілген Іс-шаралар жоспарын (Жол картасын) орындау үшін «ҚазТрансГаз» АҚ «Қарағанды көмір бассейніндегі көмір қабаттарынан метан өндіру» инновациялық инвестициялық жоба шеңберінде көмір қабаттарынан метанды геологиялық өндіру бойынша жұмыстарды жүргізуде.

Қазақстан үшін перспективалы транзиттік бағыттардың бірі өткізу қабілеттілігі жылына 55 млрд. текше м. «Қазақстан-Қытай» МГҚ болып табылады. Бүгінгі күні бұл МГҚ елдің мұнай-газ саласындағы ірі инвестициялық жобаның бірі болып табылады.

Газ тасымалдау магистральдық газ құбырлары (МГҚ), жер асты газ сақтау қоймалары (ЖАГСК), сондай-ақ тарату газ құбырлары жүйесіне қосылады.

Жиынтығында «ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы ұзындығы шамамен 66 мың км. газ құбырын пайдаланады. Оның ішінде 19 мың км. магистральдық және 47 мың км. астамы тарату газ құбырлары.

Қазіргі уақытта, Қазақстан Республикасының 14 облысының 10-ы, облыстық орталықтар артықшылықпен газдандырылды. Қазақстан Республикасының халқын газдандырумен қамиту деңгейі 2018 жылы 49,68%-ды құрады. **ОРТА АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖӘНЕ ТРАНЗИТТІК ГАЗ ҚҰБЫРЛАРЫ**

МАГИСТРАЛЬНЫЕ И ТРАНЗИТНЫЕ ГАЗОПРОВОДЫ СРЕДНЕЙ АЗИИ И КАЗАХСТАНА



Бекітілген Газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасы жаңа газ құбырларының кең ауқымды құрылысын салумен қатар республика өңірлерін газбен жабдықтаудың баламалы және рационалды көздері арқылы Қазақстанның газға ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Бұған қоса, өңірлерді сығымдалған табиғи газдандыруды дамыту және ынталандыру шеңберінде газды мотор отыны ретінде пайдаланатын көлік құралдары үшін ынталандыру шаралары көзделетін болады.

Ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерін жеткізудің көп тармақтылығы қағидаттарына негізделі отырып, Қазақстан табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізілімдері бойынша барлық экономикалық тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады. Бұл ретте ол үшін шектесіп жатқан елдермен келісілген энергетикалық саясатты жүргізу маңызды болып қала береді, себебі транзиттік-экспорттық маршруттар олардың аумақтары арқылы өтеді.

Ішкі тұтынудың өсуін және кері айдаудың елеулі көлемдерін есепке ала отырып, Қазақстанның экспорттық газ әлеуеті әзірше соншалықты маңызды емес. Экспорттық жеткізулердің елеулі өсімі газды кері айдау көлемдерін азайту есебінен мүмкін болады, бірақ кен орындарын игеру технологиялық схемаларында әзірше көзделмеген.

«ҚазТрансГаз» АҚ-ның Қазақстанның газ және газбен жабдықтау саласындағы 2018 жылғы үлесі төменде келтірілген кестеде көрсетілген.

Атауы	Тауарлық газ өндірісі	Ішкі нарыққа жеткізу	Импорт	Экспорт
Қазақстан Республикасы, млрд. м ³	33,3	16,1	6,1	18,9
«ҚазТрансГаз» АҚ, млрд. м ³	0,3	14,9	6,1	8,9
ҚазТрансГаз үлесі, %	0,9	92,5	100,0	47,1

«Газ және газбен жабдықтау туралы» Заңына сәйкес тауарлық газға шекті көтерме сауда бағаларын жыл сайын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен келісім бойынша бекітеді.

2018 жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 188 бұйрығымен 2018 жылғы 1 шілдеден бастап 2019 жылғы 30 маусымды қоса алғандағы кезеңге тауарлық газға көтерме сауда бағалары бекітілді, оның ішінде оңтүстік өңірлерде 6,6-10%-ға өсіммен (Алматы қ. және Алматы облысы, Шымкент қ. және Түркістан облысы, Жамбыл облысы).

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Б.А.Сағынтаевтың төрағалық етуімен 2018 жылғы 22 маусымда өткен елдің оңтүстік өңірінде газға баға белгілеу мәселелері жөніндегі мәжіліс хаттамасына сәйкес оңтүстік өңірлерде газға көтерме сауда бағалары Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2017 жылғы 5 мамырдағы № 164 бұйрығымен бекітілген бұрынғы деңгейде сақталды.

2018 жылғы 7 қарашада өткізілген Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Комитеті отырысының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі «Тауарлық газды ішкі нарықта көтерме саудада өткізудің шекті бағаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 15 мамырдағы № 188 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 10 желтоқсанда № 490 бұйрықты қабылдады.

Жоғарыда көрсетілген бұйрыққа сәйкес тауарлық газға көтерме сауда бағалары 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 30 маусымды қоса алғандағы кезеңде республика бойынша орташа есеппен 11%-ға төмендетілді (Шымкент қ. және Түркістан облысында 3,8%, Алматы қаласында және Алматы облысында 17,5%-ға дейін).

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобын дамыту стратегиясы туралы ақпарат

«ҚазТрансГаз» АҚ және оның газ саласындағы қызметті жүзеге асыратын еншілес және тәуелді ұйымдары «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ құрамында «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компания» АҚ құрамында компаниялардың тігінен-интеграцияланған тобын құрады.

2018 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасының ұлттық байлығын және болашақ ұрпақ үшін ұзақ мерзімді тұрақтылығын ұлғайту бойынша миссиямен жаңа 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясын әзірледі. Осыған байланысты, ҚМГ Қордың 2018-2028 жылдарға арналған Даму стратегиясымен үйлесімдендіруді қамтамасыз ету үшін 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясын өзектендірді және 2018 жылғы қазанда бекітті. Газ тасымалдау және маркетингі саласында мынадай стратегиялық міндеттер айқындалды:

№	Бизнес-бастама	Міндеттері
1	Газ қорының өсуі	<ul style="list-style-type: none"> • Шикі газды қабаттарға кері айдау және ҚР ірі мұнай-газ кен орындарына ілеспе мұнай газын жағу көлемін қысқарту; • Тауарлық газ көлемін ұлғайту мақсатында ілеспе мұнай-газды тасымалдау және өңдеу бойынша инфрақұрылым салу.
2	Магистральдық тасымалдау	<ul style="list-style-type: none"> • Магистральдық газ құбырларына қолданыстағы қуаттарды жүктеуді қамтамасыз ету; • ҚР аумағында тұратын газ өндірушілерден ҚТГ магистральдық газ құбырларына түсетін газдың және басқа мемлекеттер аумақтарынан түсетін газдың құрамын және сапалық сипаттамаларын бақылауды қамтамасыз ету; • «Бейнеу-Бозой-Шымкент» және «Қазақстан-Қытай» («А» және «В» желілері) магистральдық газ құбырларының өткізгіш қабілеттілігін кеңейту; • Қолданыстағы қуаттарды пайдалану коэффициенттерін арттыру.
3	Өңдеуді/ газ химиясын дамыту	<ul style="list-style-type: none"> • Қосымша құны жоғары өнімдерді алу үшін газды терең өңдеу; • Тауарлық газға ілеспе мұнай газын өңдеу бойынша қуатты құру; • Дизель отынын және автомобиль бензинін ауыстыру үшін мотор отыны ретінде, сондай-ақ қашықтықтағы елді мекендерді газдандыру үшін метанды сығымдалған және сұйытылған түрде (СТГ/Сығымдалған ТГ) қолдануды кеңейту.
4	Газ маркетингі	2019 жылдан бастап жылына 10 млрд. м3 дейін Қытайға газ экспортын өсіру.

«ҚазТрансГаз» АҚ компаниялар тобы қызметінің қаржылық және өндірістік көрсеткіштері

млн. текше м.



Магистралдық тасымалдау

млн. текше м.



Газ өткізу


млн. текше м*км



Тауар тасымалдау жұмысы


млн теңге

млн. текше м




Газ өндіру

млн теңге



Табыстар



Шығыстар

6. 2018 жылғы оқиғалар

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 маусымдағы №353 қаулысымен «Интергаз Орталық Азия» АҚ магистральдық газ құбыры бойынша Ұлттық оператор болып айқындалды.
- 2018 жылғы 13 қыркүйекте «2016-2020 жылдарға арналған жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысын орындау үшін «ҚазТрансГаз» АҚ мен «Waltbay LTD» компаниясы арасында «ҚазТрансГаз-Тбилиси» ЖШҚ 100% қатысу үлесін сатып алу-сату шарты жасалды.
- Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 12 наурыздағы №94 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің бес әлеуметтік бастамаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына және «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 14 мамырдағы №9 шешімінің 2-тармағына сәйкес «ҚазТрансГаз» АҚ, «Самұрық-Қазына» АҚ және АО «Baiterek

Venture Fund» АҚ арасында «АстанаГаз ҚМГ» АҚ 100% акциялар пакетін сатып алу-сату шарттары жасалды.

2018 жылғы 12 қазанда «ҚазТрансГаз» АҚ мен PetroChina International Company Limited уәкілетті ұйымы Қытайға қазақстан газының экспортын жылына 5 млрд м³ -ден 10 млрд м³ -ге дейін ұлғайтуды көздейтін 5 жылдық келісімшартқа қол қойды.

2018 жылғы шілдеден бастап қарашаны қоса алғандағы кезеңде №5, №7 компрессорлық станциялар, SCADA жүйесі және «Қазақстан-Қытай» МГҚ «С» желісінің телекоммуникациялары пайдалануға енгізілді. Газ құбырының үшінші тармағын («С» желісін) пайдалануға енгізумен «Қазақстан-Қытай» МГҚ өнімділігі жылына 55 млрд м³ –ге дейін жеткізілді.










2018 жылғы 11 желтоқсанда «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Экологияға қосқан үлесі үшін» номинациясында «Парыз» бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша конкурстың бас жүлдесіне ие болды.

2018 жылғы 11 желтоқсанда Ақтөбе облысының Байғанин ауданында «Қожасай» кен орнында заманауи газ өңдеу зауыты пайдалануға берілді. Осы жоба шеңберінде Ұлттық оператор «ҚазТрансГаз» АҚ «Қожасай» кен орнынан «Бұқара-орал» МГҚ КС-12-ге дейін ұзындығы 168 км магистральдық газ құбырын салды.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өткізу қабілеттілігін 10 млрд.м³-ден 15 млрд.м³-ге дейін ұлғайту бойынша іс-шаралар шеңберінде 2018 жылғы желтоқсанда - «Түркістан», «Арал», «Қорқыт-Ата» үш компрессорлық станцияны салу аяқталды.





2018 жылғы 20 желтоқсанда «Азиялық Газ құбыры» ЖШС 800 млн. доллар соммаға банктік қарызды өтеді, оның 500 млн, доллары мерзімінен бұрын өтелді, кредитті өтеу мерзімін екі жылға қысқартуға мүмкіндік берді. Бүгінгі күні «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырын салу» жобасын іске асыру үшін алынған екі қарыз бойынша берешектің сомасы бастапқыда алынған 10,2 млрд. доллардан 5,2 млрд. долларды құрайды.



-  ҚТГ мен «АстанаГаз ҚМГ» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 28 желтоқсандағы сатып алу-сату шартына сәйкес «Сарыарқа» МГҚ салуға ЖСҚ беру жүзеге асырылды (2018 жылғы 18 тамызда жоба бойынша мемлекеттік сараптама алынды).
-  2018 жылғы 29 желтоқсанда «Интергаз Орталық Азия» АҚ және «Узтрансгаз» АҚ арасында Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өзбек табиғи газын тасымалдауға келісімшартқа алғаш рет қол қойылды, оның шеңберінде 2018 жылғы 31 желтоқсанда «Газли-Шымкент» және «БГА-ТБА» магистральдық газ құбырлары бойынша транзиттік жеткізілімдер басталды.
-  «ҚазТрансГаз» АҚ Қызылорда қаласында «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры трассасында орталық диспетчерлендіру басқармасын пайдалануға енгізді. ОДБ «ББШ» МГҚ объектілерінің қауіпсіз және сенімді жұмысы үшін барлық қажетті ақпаратты жинау, өңдеу және беру функцияларын орындайтын жоғары технологиялық, компьютерлендірілген кешен.
-  Ұлттық газ операторы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде газ саласында блокчейн-технологияларды қолдануды бастады. Бірінші кезекте газ тасымалдау инфрақұрылымының мониторингі, сервистік қызмет көрсету және жөндеу және газ есептеуіштерін бақылау үшін пайдаланылатын болады.
-  «ҚазТрансГаз» АҚ жоспарланған мерзімнен бір ай ерте Қытайға қазақстандық газдың 5 млрд. текше метрін экспорттады. Қытайға газдың экспорттық жеткізілімдері туралы шарт мерзімінен бұрын және толық көлемде орындалды.
-  S&P Global Ratings «ҚазТрансГаз» АҚ-ның негізгі компанияға қатысты ұқсас іс-қимылдан кейін рейтингін «BB» дейінгі «Тұрақты» деңгейге көтерді. Сонымен қатар, S&P Global Ratings ҚТГ сауда операцияларының көлемдерін ұлғайтумен ҚМГ тобы үшін компанияның маңызы артты. Қазіргі уақытта рейтингтік агенттік ҚТГ-ны топтың операциялық қызметіндегі компанияның бизнесінің ықпалдастығын және ҚМГ-мен тығыз қаржылық байланысын есепке ала отырып «жоғары стратегиялық маңызы бар» ҚМГ еншілес компаниясы ретінде қарастырады.
-  Шымкентте өзбек газ тасымалдау жүйесі арқылы оңтүстік өңірлерге батыс кен орындарынан қазақстандық газды транзиттік жеткізу жөніндегі келісімге қол қойылды. Іс-шара Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы өңіраралық ынтымақтастық форумы шеңберінде өтті.



Газ тарату құбырлары бойынша инвестициялық жобалар шеңберінде газдандыру бойынша жұмыстар жүргізілді:

-  Қостанай облысының елді мекендерін газдандыруды кеңейту бойынша жобаны іске асыру аяқталды. 7 елді мекен газдандырылды (Рудный қ. Качар ауданы, Лисаковск қ. Октябрьский кенті, Қарабалық ауданы Тоғұзақ ауылы, Денисовский ауданының Антоновка, Алчановка ауылдары, Әуликөл ауданының Әуликөл ауылы – өткізгіш құбырлар жүргізілді, Рудный қ.– газдандыру жалғастырылуда). 2 жыл ішінде барлығы 238 км газ құбырлары салынды, газдандырылған елді мекендерге қосылған абоненттер саны 1,2 мың абонентті құрады.
-  2012 жылдан бастап Тараз қ. газ тарату желілерін жаңғырту бойынша жоба іске асырылды. 01.01.2019 ж. шамамен 862 км жаңа газ құбыры салынды және 29 мың абонент газбен жабдықтау жүйесіне қосылды.
-  2015 жылдан бастап Маңғыстау облысының елді мекендерінің газ тарату желілерін жаңғырту, реконструкциялау және жаңасын салу бойынша жоба шеңберінде 1322 км газ құбыры салынды және жаңғыртылды, шамамен 1,7 мың жаңа абоненттер қосылды.
-  2018 жылдан бері Алматы қ. одан әрі газдандыру, Алматы қ. газ тарату жүйелерін жаңғырту, реконструкциялау бойынша жобаны іске асыруға кірісті. 2018 жылы Алматы қ. 95 км жаңа газ құбырлары салынды және 21,4 км реконструкцияланды.

7. «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің шығыстары

«ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің шығыстары 2018 жылы мыналарды құрады: 36 502 мың теңге, оның ішінде:

Сыйақылар бойынша шығыстар (тәуелсіз директорлардың қызметтері үшін)	36 000 мың теңге
Іссапар шығыстары	502 мың теңге
Қорытынды	36 502 мың теңге

«ҚазТрансГаз» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Қ. Шәріпбаев

**«ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2018 жылғы
атқарылған жұмысы туралы жылдық есебіне
КЕЛІСУ ПАРАҒЫ**

Лауазымы	Қолы (визасы)	Т.А.Ә.
Бас директор (Басқарма төрағасы)		Сүлейманов Р.Ә.
Бас директордың трансформация және дамыту жөніндегі орынбасары		Темірханов Е.У.
Заң департаментінің директоры		Абдуллин Р.С.
КҚ, КЖЖ және ИМЖД директоры		Бекмұхамбетова А.А.
Корпоративтік хатшы		Сүлейменов Қ.Н.